

Түркістан облысы білім басқармасының Сайрам ауданының
білім бөлімінің «№2 Сайрам бөбекжай-бақтасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

БЕКІТЕМІН:
«№2 Сайрам бөбекжай-бақтасы» МҚКК
менгерушісі К.С.Науменова



Эстафеталық ойын:

« Алға балақай »



Дене шынықтыру нұсқаушысы: Салиева Г.
Ақсу 2024 жыл

Тақырыбы: «Алға балақай»

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен таныстыру, тәсілдерін меңгерту. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.

Түрі: Эстафеталық топтық ойын.

Қажетті құралдар: Шығыршық, доп, жіптер, таяқшалар, фишкалар, ысқырық.

Жүргізуші: Біз бақытты баламыз,

Шыныға да аламыз.

Тәуелсіздік ел көгінде,

Спортшы бола аламыз.

Құрметті қонақтар, тәрбиеші апайлар бүгінгі «Алға балақай» атты эстафеталық сайысымызға қош келдіңіздер!

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Ортаға топ мүшелері шығады. Дене шынықтыру нұсқаушысының нұсқауы бойынша сапқа тұрғызылады.
2. Жарысымыздың қорытындысын шығарып, әділ бағасын беретін әділқазылар алқасымен таныстыру. Әр кезең сайын әділқазылар өз бағасын береді. Спорттық сайысымыз бес балдық жүйемен бағаланады.

II. Жарыстың шарты:

1. Сәлемдесу (топ аты, ұраны)
2. Эстафеталық ойындар
3. Қорытындылау

Топпен танысу

1. «Жұлдыз» тобы
Жұлдыз тобы алға
Биіктерге самға.
Бірлігіміз барда,
Шығамыз тек алға.

2. «Айгөлек» тобы
Айгөлектей әсембіз,
Әлі де біз өсеміз.
Жарыстарда әр қашан,
Жеңістерге жетеміз.

-Құрметті сайыскерлер ! Сіздерге сәт сапар! Сайысымызды бастаймыз.
Сайысымыз алты кезеңнен тұрады.

I кезең: «Кім жылдам?» ойыны.

Шарты: Кедергілер арасынан допты домалатып алып жүру.

II кезең: «Кім епті?» ойыны.

Шарты: Доптардың орнын ауыстыру.

III кезең: «Шығыршықтың арасынан өту» ойыны.

Шарты: Балалар бірінен соң бірі тізілген шығыршықтың арасынан өтеді, бірінші өтіп болған топ жеңімпаз атанады.

IV кезең: «Допты тасу» ойыны.

Шарты: Нұсқаушының белгісі бойынша екі ойыншы шығыршықтың ішінде тұрған допты таяқшамен қысып алып, келесі шығыршықтың ішіне салады, кері қарайда ойын солай жалғасады.

V кезең: «Фишкаларды жіптен өткізу» ойыны.

Шарты: Нұсқаушының белгісі бойынша бірінші мәредегі фишкаларды біртіндеп жіптен өткізіп, екінші мәреге жинау, кері қарай жүгіріп келу.

VI кезең: «Қар жинау» ойыны.

Шарты: Балалар үйілген қарды кезек-кезек шығыршықтың көмегімен жинап, шелекке салады.

III. Қорытынды.

Топ мүшелері сап түзеп қатарға тұрады . Қорытынды сөз әділқазы алқаларына беріледі.

Ұпай санын есептеп , жарысқа қатысқан белсенді топ мүшелері марапатталады.

мексерігері? 